



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

қарым-қатынас жасай білуге, басқаны тыңдай білуге, топта бір тұжырымға келуге, топ алдында өз ойын еркін айтып қорғай білуге, әдептілікке, жауапкершілікке, өнерге, еңбектенуге үйретеді. Ыбырай ұстазымыздың да ұсынған әдістемесінің негізі осы. Білім берудегі демократиялық, ізгілендіру, ынтымақтастық идеясы, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты өзгертті. Мұнда мұғалімнің кәсіби-әдістемелік шеберлігінің маңызы зор. Қазіргі жаңалық деп жүрген ынтымақтастық, ізгілендіру идеясын сол кездің өзінде-ақ Ыбырай Алтынсарин қалыптастырған болатын. Ыбырай Алтынсариннің ізгі ойлары, талғамы, педагогикалық идеялары көп. Сондықтан, бүгін алда қойған мақсатымыз Ыбырай Алтынсариннің еңбек, тәртіп, тәрбие идеяларына тоқталып, қазіргі заман талабымен ұштастыру. Ұстаз ретінде, Ыбрай Алтынсарин әр оқушыны біртұтас жасампаз тұлға деп қарайды. Сондықтан, жеке адамның бойынан жоғарыда айтылған адамгершілік қасиеттерінің бірі табылса, біртұтас мінез қалыптасады. Бұлар ұстаздардың оқушыларға дұрыс, жүйелі, табанды түсіндірумен, балаға дұрыс талап қоя білулерімен жүзеге асырылады. Бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында бағдарлама бойынша тақырыптарды оқытқанда қазақ халқының қолданбалы өнерінің тарихы, түрлері жайында мәтіндер құрастырып, орынды пайдаланамын; халқымыздың еңбекке баулу тәсілдеріне назар аударамын; оқудың ұлттық сапасын оятумен бірге ата-бабаларымыздың қонақжайлық, үлкенге ілтипат, кішіге қамқорлық жасау, мейірімділік, еңбекке үйрететін әдіс- тәсілдерді қолданамыз. Қазақ тілі сабағын үнемі ұлттық педагогикамен ұштастыруды көздейміз. [3, б. 8-9] Инновациялық әдістер арқылы тақырыпты жаңғыртуға болады.

Ыбырай Алтынсарин мектептегі тәртіпке зор көңіл бөлген «Тәртіптің шындыққа айналауы тәртіптілік сезімін тудырады»-деген ұлы ұстаз. Тәртіп деген педагогикалық ұғымға, Ыбырай Алтынсарин терең талдаулар жасайды. Ол бірде тәртіп-тәрбие құралы десе, бірде тәртіп-тәрбиенің нәтижесі деген анықтама береді. Ал, бұл халық педагогикасындағы «тәрбие-тәртіптің құлы» деген түсінікке жақын. Рухани-адамгершілік тәрбиенің қайнар көзі саналатын шағын өңгімелері баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа үйретуге, ұрпақ бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік принциптер мен мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алатын тұлға қалыптастыруға негізделген. Қазіргі таңда Ыбырай Алтынсариннің осы арманы орындалғанына көзіміз жетіп отыр. Өйткені, Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңіне куәгер болудамыз, ағартушы салған сара жолмен бейбіт елде, бейбіт елдің ұлдарын білім нәрімен сусындатудамыз, ол салған ұстаздық жолда еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеудеміз, оның өңгімелері мен өлеңдерін жас ұрпақтың санасына құюдамыз.

Қорыта айтқанда, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығын инновациялық технологиялар арқылы жандандыруда күш-жігерімізді аямайық дегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ы.Алтынсарин тағылымы. Алматы: Мектеп, 1991. 86 б.
2. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық: Өлең, өңгімелер мен мақал, жұмбақтар. Алматы: Атамұра, 2006. 168 б.
3. Ы.Алтынсарин . Таңдамалы шығармалары. Алматы: Ғылым, 1989. 320 б.
4. Сарбаева А.М. Ғұлама тағылымы. // Оқу – әдістемелік журнал. Көкшетау: Келешек2030, 2020. №4, 5–6 бет

ӘОЖ 37.034

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗАМАНАУИ ОҚУ ҮРДІСІМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

*Каржауова Гулнур Давлетияровна
информатика пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Рудный қаласы білім бөлімінің
М.Дулатұлы атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай облысы, Рудный қаласы, Қазақстан
E-mail: guli_9123@mail.ru*

Андатпа

Баяндама мазмұнында Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін нақтылауда мәдениет-танымдық, этнопедагогикалық тұғырлар аясындағы жүйелілік, ақиқаттылық, баламалық, мәндік талдау, генетикалық, тарихилық және қисындылық, тұжырымдамалық бірлік ұстанымдарын басшылыққа алынды. Міне, осы айтылғандарда тәжірибеде қолдану аясын ашып көрсеткен. Педагогикалық жүйесінің өміршеңдігін

сөз етеді. Қазіргі таңда мектеп өмірінде оңтайлы тәжірибе ретінде қарастырып, маңызы зор екендігін айтады. Ағартушылық қызметіндегі идеясын ұстанымына айналдырғанын тілге тиек етеді.

Түйінді сөздер: Замануи, жүйе, ағартушылық, оңтайлы, тәжірибе.

Аннотация

Содержании доклада в уточнении педагогической системы Ибрая Алтынсарина использовал принципы системности, правдивости, альтернативности, ценностного анализа, генетической историчности и логичности, концептуального единства в рамках культурологического и этнопедagogического постаментов. Именно это и раскрыло сферу применения на практике. Педагогическую систему делает жизнеспособностью. В настоящее время в жизни школы имеет большое значение, рассматривать ее как оптимальный опыт. Идеи в просветительской деятельности делает языковой позицией.

Ключевые слова: Современность, система, просвещение, оптимальность, опыт.

Abstract

In the author's report, the pedagogic system of Ybyray Altynsarin was defined in terms of systematicity, truth, alternative, meaningful analysis, genetic, historical and logical, conceptual unity within cultural studies, ethnopedagogical frameworks. This is to reveal the practical application of what has been said. Pedagogical system means viability. Nowadays, school is considered as the best experience in life and it is important. It speaks volumes that he turned his idea into a position in his educational career.


Key words: Modern, system, enlightenment, optimal, experience.

Қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, қазақ халқының ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған тарихи тұлға Ыбырай Алтынсарин есімі қашанда уақыт сынынан мүдірмей өтіп өз халқымен бірге жасасып келеді. Бар ғұмырын оқу – ағарту ісіне сарп етіп, қайтсе де қазақ балаларының санасын оятып, зердесін ана тілі арқылы ашу еді. Ы.Алтынсарин тұңғыш ағартушы – педагог болуымен бірге, балаларға арнап көлемі шағын, мазмұны мәнді ондаған өлеңдері мен әңгімелерін қалдырған жазушы. Ол өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты тұңғыш оқулығын «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңімен ашып, жастарды оқуға, талаптанып талпынуға, білім алуға шақырады. Оқысаңдар, балалар, Шамнан шырақ жағылар. Тілегенің алдыңнан Іздемейатабылар. Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге Ықыласпен тоқылық, – деп оқудың пайдасын жастардың санасына сіңіреді.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді, еңбекқор ұрпақ екені даусыз. [4, б. 8–10] Білімсіз елдің ертеңі жоқ екені айдан анық. Елбасымыз Қасым–Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім беру мәселесін назардан тыс қалдырған емес, «Халық бірлігі және жүйелі реформалар ел өркендеуінің бірлік негізі» атты осы жылғы Жолдауында «Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді, әрі инклюзивті болуы тиіс» деген болатын. Білім сапасын көтерудің көптеген мәселелері айтылды. Осы тұрғыда бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс – тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіріп, қоршаған ортаны қорғау арқылы экологиялық тәрбие беру ұстаздардың басты міндеті болып отыр. [5, б. 11–14]

Осы орайда информатика пәнінің мұғалімі ретінде ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметінің өміршеңдігі туралы сөз қозғап, өзімнің үлесімді қосқым келді. «Қалдырған ізің мәңгілік» дегендей ұрпағына өлмейтұғын сөз қалдырған ұлт ұстазының еңбегі жайында кітапханадан ізденіп, ағартушының өлеңдерін, мұраларын тағы да бір рет парақтап шықтым. Информатика пәнінің мұғалімі ретінде басты мақсатым Жаңа Қазақстан ұрпағына ұлы тұлғаның өнегелі өмірін, шындалған шығармашылығын, ерен еңбегін насихаттау, ақынның шығармалары арқылы педагогикалық идеясын жаңа оқу үрдісімен байланыстыру. Осы орайда информатика пәнінің мұғалімі ретінде менің көкейіме «Қазіргі таңда заманауи әдістерді ұтымды қолданып жүрмін бе?» деген сұрақ ұялайды. Сондықтан өзімнің тәжірибемде әдіс – тәсілді қолдануды Ыбырай Алтынсариннің еңбектеріне сүйенемін. Осы орайда информатика сабағында 6 «Ә» сыныпта ағартушының өмірбаянын Learning Apps. org платформасында жеке жұмыс жасаттым.

Ы.АЛТЫНСАРИН МЕН С.КУБЕЕВТІҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ БАҒЫТЫНДАҒЫ АҒАРУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ
СОЗВУЧИЕ ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИХ ИДЕЙ Ы.АЛТЫНСАРИНА И С.КУБЕЕВА СОВРЕМЕННЫМ ТРЕНДАМ ОБРАЗОВАНИЯ



Power point программасы арқылы презентация арқылы жобалық жұмыс жасады. Одан соң топқа бөліп оқушылар өз жұмыстарын қорғап шықты.



Нәтижесінде шәкірттерім қызығушылықпен тапсырманы орындап шықты. Автор жалпы оқулыққа тән «жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, қарапайымнан күрделіге» принципін ұстанып, білім беру бағдарындағы ерекшелігін нақтылаған. Бүгінгі білім беру кеңістігінде шетелдік және отандық әдіскерлердің «Дамыта оқыту» технологиясы, «Болжау» стратегиясы сияқты тағы басқа оқытудың түрлі әдістерін сабағымда қолдана отырып, өткенге көз жүгіртсем, бүгінгі жаңашыл деп табылған оқыту технологияларының Ыбырай Алтынсариннің еңбегінен бастау алыпты. Дәл қазіргі сәтте ұлт ұстазының ұстанған көзқарасы жаңа білім аясында мектебіміздің игілігіне жарап отыр. Сонымен қатар дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Яғни, оның педагогикалық идеясынан балаға жалаң білім берілмей, алған білімін өмірде қолдана білу керек деген тұжырымдаманы байқадым. [6, б. 15 – 16]

Пән мұғалімі тұрғысында заман талабы оқушыларды біліммен қаржыландыру, бүгінгі бәсеке-лестік замандағы оның адамдық, кәсіби құндылығы. Сол адами капиталды дайындап, болашағына

жол сілтейтін, келешегімізді кемел біліммен сусындату менің басты парызым. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімі ретінде маған да тиесілі. АКТ – аясында информатиканы пәні арқылы пәндік құзыреттілікті дамыту өзекті мәселеге айналып отыр, сондықтан бүгінгі білім беру жүйесінің ерекшелігі – білім алушының қандай да бір іс – әрекетке құзыреттілігін дамыту, арттыру, қалыптастыру. Пәндік құзыреттілік – білім беру қызметінде белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, білік, дағдысы мен іс – әрекетінің сапалық жиынтығы. [7, б. 18–20] Информатика сабағында пәндік құзыреттілікті іс – әрекеттегі зерттеу арқылы қалай дамытуға болады? Бұл орайда ұлт ұстазының айтқан идеясын өзімнің тәжірибемде "Серпілген сауал" әдісін қолдану арқылы жүзеге асырамын. Жаңартылған білім беру аясында өзімнің тәжірибемде ұлт ұстазының мұрасын шәкірттеріме ақпараттық технологияны қолдана отырып, түсіндіремін. Сонымен қатар тарқатып айтсам, өзімнің тәжірибемде Ыбырай Алтынсариннің алуан – алуан ойға жетелейтін мысалдарында әлеуметтік – қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Бұл мысалдарды сабақ барысында заманауи ойын түрінде қолданып тек есеп шығартпай адам құндылықтарды бойларына сіңіріп отырамын. Қолыма қалам алған сәтімде Ыбырай Алтынсариннің ғибратты сөздеріне сүйене отырып, адамның ішкі жан – дүниесі мен ақылының сабырының, қайраты мен мейірімінің рухани қайнар көзі білім мен ғылым екеніне көзім жетті.

Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді. Қазіргі кіріктіре оқыту интеграция әдісін Ыбырай Алтынсарин өз тәжірибесінде қолданғандығын байқауға болады. [5, б. 23–24] Ол «Қазақ хрестоматиясы» оқулығына жаратылыстану, физика, химия, география ғылымдарынан, техника жаңалықтарынан түсінік бере отырып, білімді жанжақты топтап беруді көздеген. Ы.Алтынсарин өзінің педагогикалық ұйымдастырушылық әрекетінде бірнеше маңызды принциптерге сүйенген. Ол қолданған әдістер мен принциптер қазір бала тәрбиелеу және білім беруде кеңінен қолданылып келеді. Жаңартылған білім беруде өз тәжірибемде қолданып жүрген мақал – мәтелдерді де Ыбырай Алтынсарин жағымдысы да, жағымсызы да болатынын, олардың адам бойында әр түрлі қасиеттердің қалыптастыруына ықпал ететінін өз дәуірінде атап көрсеткен. Оның практикалық тұрғыдан да рөлi өте қомақты. Ыбырай Алтынсарин, білім берудегі этникалық ерекшеліктерге мән береді. «Енді мен қырғыз хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатырмын...Өз туған халқыма қырғыз тілінде жалпы білім беретін, дұрысын айтқанда, ғылыми мәліметтермен құрастырылған тағы да бір еңбегіммен қызмет етпекпін...» – деп атап көрсетті. Бесіншіден, білім беруде баланың жыныстық қасиеттерін де есепке алу қажеттігін ұсынды. Отбасында, қоғамда қыз бала мен ер баланың өзіндік орны мен ерекшеліктері бар. Олардың әрқайсысының табиғи ерекшеліктеріне сүйене отырып, мектептерде ағаш өнеріне, қыздарды қол шеберлігіне үйрету көзделді. Осы принципті мектеп ісін ұйымдастыруда іске асырды. Мұның өзі Ы.Алтынсариннің өте көреген, алға ұмтылған педагог екенін көрсетеді. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық жүйесін нақтылауда мәдениеттанымдық, этнопедагогикалық тұғырлар аясындағы жүйелілік, ақиқаттылық, баламалық, мәндік талдау, генетикалық, тарихилық және қисындылық, тұжырымдамалық бірлік ұстанымдары басшылыққа алынды. Ыбырай Алтынсариннің дидактикалық және әдістемелік мұрасы оның педагогикалық жүйесінде Қазақстан жағдайында алғаш рет жалпы педагогика, дидактика және методика салаласының аса маңызды ғылыми принциптері қолданыла бастады: оқытудың көрнекілігі, тәжірибе мен бақылау, оқытудың белгілі мақсатқа құрылуы, класс жұмыстары мен кластан тыс жұмыстардың түрлері жүзеге асырылды. Ол оқыту әдісін өз түйгенінше, орыс мектебінің озық үлгісіне негіздеп құруды ойластырды. Мектеп оқушыларына арнап оқу құралдарын, бағдарламалар, нұсқау хаттар жазды. Мектеп кітапханаларының физикалық, химиялық, астрономиялық құралдарымен жабдықталуына, оқушылардың түрлі ғылым мен өнер саласындағы жаңалықтарды біліп отыруына үлкен мән берді.

Ы.Алтынсарин алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының оқу құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақ ауыз әдебиеті мен салт – дәстүрлеріне негізделген оқулығын «Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы бастырып шығарды. Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясына» шығармаларды іріктегенде біріншіден, әр халықтың тұрмыс – тіршілігі мен салт – дәстүрлерінен хабар беру, екіншіден, оқушының бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, үшіншіден, бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді беру қағидаларын басшылыққа алды. [6, б. 23–25] Оның хрестоматиядағы материалдарды жүйелеуі осы қағидалармен қатар балаға адамгершілік, еңбексүйгіштік, ақыл – ой, кәсіптік тәрбие беру мақсатын көздеді. Ыбырай Алтынсарин аударып, хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде де қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбексүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама – қарсы жауыздық, екіжүзділік, дүниеқоңыздық, т.б. жексұрын мінез – құлықтарды әшкерелеу өзекті орын алады. Ыбырай Алтынсарин осы арқылы жастардың ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел – жұртына пайдалы азамат болуын көздейді.

Ол қазақ оқулығының тарихында өз орны бар ағартушы. Иә, бұл айтқан идеясы да бүгінгі күні шәкірттерімізге рухани азық болғаны анық. Мақсатына жетем деген адамның терең білім болғаны

абзал емес пе? Білімін жүрегіне шырақ етіп, ғылым жолына түссе игі іс. Қазіргі таңда білікті ұстаз есебінде, бұл ойым менің білім берудегі түпкі қазығым болмақ. Қолыма қалам алған сәтімде Ыбырай Алтынсариннің ғибратты сөздеріне сүйене отырып, адамның ішкі жан – дүниесі мен ақылының сабырының, қайраты мен мейірімінің рухани қайнар көзі білім мен ғылым екеніне көзім жетті. Сынып жетекші ретінде шәкірттеріме ағартушының мұражайын аралауға ұсыныс тастап отырамын. Қазіргі таңда педагогикалық идеясы жаңартылған біліммен үндестік тауып отырғаны анық. Ізбасары ретінде оның идеясын тәжірибемізде қолдануға тырысамын. Сөз соңында қалдырған ізің мәңгілік дей келе, ұрпағына өшпес із қалдырған ұлт ұстазының педагогикалық идеясын жандандырып, әр сабағымызда ұтымды қолдана білейік дегім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аңыз адам журналы 2020 ж № 4, 8–10 б.
2. Білім шыңы газеті 2020 ж №5, 11–14 б.
3. Білімді ел журналы 2020 ж №6, 15–16 б.
4. Жаңа білім журналы 2021 ж №7, 18–20 б.
5. Қазақстан мектебі 2021 ж №8, 23–24 б.
6. Ыбырай және заманауи мектеп республикалық журнал №9, 23– 5 б.

ӨОЖ 37.034

ЖАҢА БІЛІМ ҮРДСІНДЕ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СПАНДИЯР КӨБЕЕВ ПЕН ҮНДЕСТІГІ

*Каркимбаева Жансулу Максимовна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
педагог – зерттеуші
№ 2 жалпы білім беретін мектебі
Арқалық қаласы, Қазақстан
E – mail: Karkimbaeva72@mail.ru*

Аңдатпа

Автор жұмысында жаңашыл оқытушы, тарихта өшпестей із қалдырған педагог, жазушы Ыбырай Алтынсарин мен Спандия Көбеевтің ағартушылық қызметке қосқан үлесі мен үндестігін дәріптейді. Шығармалары мектеп игілігінде заманауи білім беруде де өзекті деп ой түйеді. Тіл маманы ретінде ағартушының шығармаларының тәрбиелік мәні үлкен деп дәлелмен келтіреді. Шағын мәтіндері қарапайым, тілге жеңіл деп тәжірибесімен бөліседі. Автор педагог – жазушылардың мұрасын жаңа білім беру мазмұнында түрлендіріп, жаңғырту маңызды деп ой тастайды.

Түйінді сөздер: Педагог, рухани, жаңашыл, тәрбие, жаңару, үндестік.

Аннотация

Автор прославляет вклад и гармонию в просветительскую деятельность новаторского преподавателя, педагога, писателя Ибрая Алтынсарина и Спандии Кобеева, оставивших неизгладимый след в истории. Он считает, что произведения актуальны и в современном образовании на благо школы. Как лингвист, он аргументирует, что произведения просветителя имеют большое воспитательное значение. Небольшие тексты считаются простыми, легкими для языка. Автор считает важным трансформировать и модернизировать наследие педагогов – писателей в новом образовательном содержании.

Ключевые слова: Педагог, духовный, новатор, воспитание, обновление, гармония.

Abstract

The author glorifies the contribution and harmony in the educational activities of the innovative teacher, teacher, writer Ibray Altynsarin and Spandia Kobeev, who left an indelible mark in history. He believes that the works are relevant in modern education for the benefit of the school. As a linguist, he argues that the works of the educator have great educational value. Small texts are considered simple, easy for the language. The author considers it important to transform and modernize the legacy of teachers – writers in a new educational content.

Key words: Teacher, spiritual, innovator, education, renewal, harmony.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушысы, қоғам қайраткері. XIX – ғасырда Қазақстанда қалыптасқан, адамдар санасын өзгерту, халықтың басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесінің күрделі сипатын ашып көрсетуде ағартушылықтың маңызы зор. Осы орайда ұлт ұстазының педагогикалық еңбектерінің Спандияр Көбеевпен үндестігін тілге тиек етіп, қалам тербеп, тамшыдай болса да үлесімді қосқым келді. Иә, дана ағартушының басты мұраты адамға игілігіне қызмет ету болды. [4, б. 23–26]